

Мереке қарсаңында «Бір шаңырақ астында, туысқанбыз бәріміз!» атты салтанатты жиын өткізіліп, «Жас Ұлан» ұйымына 5 сынып оқушылары қабылданды. Оқушылар мектеп ұстаздары мен оқушыларының алдында өз анттарын берді. Мектеп директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары – Е.Оразбаев «Жас Ұлан» ұйымына өткен оқушыларды құттықтап, өз ізгі тілегін білдірді. Оқушылардың төс белгілері мен галстуктарын байлау рәсімі мектеп ұстаздары мен жоғары сынып оқушыларына берілді.

«Ынтымағы жарасқан, туған өлкем-Қазақстаным» тақырыбында 7-9 сыныптар арасында шығарма сайысы өтті. Жалпы шығарма байқауы өз деңгейінде, өте мазмұнды және қызықты болып өтті. Шығарма байқауының негізгі мақсаты: Жас ұрпақты тарихи-мәдени және рухани құндылықтарды бағалауға үйрету және Қазақстан Республикасы әлемде ең алғашқы мемлекеттердің бірі болып сырттан келген басқа ұлт өкілдеріне алтын бесік болғандығын ұғындыра отырып көркем шығарма арқылы шеберліктерін арттыру. Шығарма байқауына оқушылар белсене қатысып, өздерінің осы тақырып жайлы ойларын, білгендерін ашып жаза білді. Байқау қорытындысы бойынша оқушылардың жазған шығармалары жоғарғы деңгейде бағаланып, әкімшілік тарапынан мадақтау қағазымен марапатталды.

«Күш бірлікте!» атты спорттық сайыстар ұйымдастырылып, тартысты өтті. Жарыс барысында белсенділік танытып, орын алған оқушылар алғыс хаттармен марапатталды. Сонымен қатар «Жас Ұлан» ұйымының ұйымдастыруымен флэшмоб ұйымдастырылды. Жалпы мектеп бойынша «1 мамыр – Халықтар достығы, бірлік, ынтымақ күні» мерекесіне арналған іс-шаралар толығымен орындалды.



Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерінің 30 жылдығына, Ұлы жеңістің 77 жылдығына орай оқушылар арасында спорттық эстафета өтті.

2022 жылғы 12 мамырда "Қамқор кең ауқымды рейдтік кезекшілік өткізілді. Рейд тексерістен тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Есенгелды

Оразбаев ,психолог Сырттаанбекова.М,әлеуметтік педагог Ермағанбет.А және ауыл учаскелік инспекторы мен сынып жетекшілері қатысты.

“Таза аула” акциясы аясында сенбілік ұйымдастырылды. Сенбілікке барлық мектеп мұғалімдері мен қызметкерлері және оқушылар қатысты.



Ұлытау ауданыныңбілім бөлімінің #14 ЖББ мектебінде 25- мамыр күні «Жас Түлек- 22 -жаңа Қазақстанның ертеңі» атты мектеп түлектерінің соңғы қоңырау салтанатты жиыны өткізілді.

Салтанатты жиынның алғашқы құттықтау сөздері мектеп директоры Б.Алтынбеков, салтанатты жиынның құрметті қонақтары аудандық ББ нің әдіскері Қ.Браяков, ауыл әкімі А Мұқышовқа берілді. Биылғы жылғы мектеп үздіктерін марапаттау, оқу жылының аяқталуына байланысты бұйрықты оқу рәсімі директордың оқу-тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Қ.Бираяковқа берілді.Жас түлектерді құттықтауға осы мектепті бітіріп кеткен түлектер келіп, мектептеріне алғыстарын білдіріп, жас түлектерге ақжол тіледі.

Салтанатты жиында мектеп бітіруші түлектер мектебімізге, ұстазтарымызға, қонақтарға арнап шуақты өлеңдері мен әсем әуендерін арнады. Соңғы қоңырауға арналған салтанатты жиыны жоспарланған іс-шаралар бойынша толығымен атқарылып, өз нәтижесін берді. Ұйымдастырушы: ІІ-сынып жетекшісі Мақпал Серікқызы.



Әр жылдары мектеп бітірген түлектердің білім ордаларындағы соңғы қоңырау қарсаңында қайырымдылық жасап, мұқтаж жандарға көмектесуі, өз ауылының көркейіп-көріктенуіне үлес қосуы дәстүрге айналды. Биыл да түлектер мектебіне қайырымдылық жасап, ауылдастарының алғысын алды. 1976 жылғы түлегі "Алғабасым" әнінің авторы, сазгер, Сатпаев қаласында

ұстаз болып еңбек ететін жерлесіміз Құрманғали Жүсіпұлы Ташетов мектебімізге келіп, өз атынан музыкалық аппаратура сыйлады.



“Өмірлік құндылықтар” тақырыбында ата-аналармен жиыннан көрініс. Ата-аналарға балалардың жетістіктерімен тренинг өткізілді. Мектеп өмірі мен тынысы туралы ой бөлісті. Кері байланыс жүргізілді. Ата-аналаға алғыс білдіреміз!



Халықаралық балаларды қорғау күні. Бұл мейрам барлық елде 1950 жылдан бері тойланып келеді. Мақсаты балалардың өмірін, құқығын, денсаулығын қорғап, оларға қамқорлық жасауды тағы бір еске салу. Осылайша болашақ ұрпақтың бақытты өмірін қалыптастыру. Бұл күні жер-жерде балаларға арналған мәдени шаралар ұйымдастырылып, мерекелік көңіл-күй сыйланады.

«1-маусым балаларды қорғау күніне» орай мектеп кітапханасында бастауыш сыныптар арасында ертегі кейіпкерлерін құрастыру және сурет салудан жарыс өткізілді. Ұйымдастырушы: Баткалова Г.Т

Баршамызды бала тілмен баурайтын,
Бала деген бір бақыт қой самғайтын
Ата - ананың арманы мен тілегін,

Бала емес пе бал бұлақтан жалғайтын
Сүйкімді періштелер сендерсін
Қандай бейне өздеріне тең келсін!
Данышпан да, ғарышкер де, ғалым да,
Ең алдымен балалықты меңгерсін.

Балаларды бүгінгі мерекелерімен құттықтаймыз. Жас ұрпақ, жас буын, жасөспірімдеріміз аман болсын! Елдің ертені болар сол жастар бен балалар! 1 маусым балаларды қорғау күніне орай мектебіміздің оқушылары мен бұлдіршіндеріне арналған іс-шарадан көрініс.



Мемлекеттік рәміздер – Ту, Елтаңба және Әнұран Қазақстан Республикасының дербестігі мен тәуелсіздігін бүкіл әлемге танытушы әрі мемлекетіміздің өткені мен бүгіні және болашағы арасындағы сабақтастықтың жарқын көрінісі. Мемлекеттік рәміздер – бұл кез келген мемлекеттің егемендігі мен біртұтастығын бейнелейтін, мызғымас негіздерінің бірі.

Сонымен қатар, ҚР Мемлекеттік Рәміздерінің 30 жылдығы аясында "#14 ЖББМ" КММ мектеп ұжымы Гимнді жатқа орындады.



Мектеп мұғалімдері 5 маусым күні Конституциялық реформа қоғамдық өзгерту әділетті қадам деп сенім білдіріп "Аманат" партиясының өкілі болып Қарағанды облысы Ұлытау ауданы 698 дауыс беру учаскісінде болды.

Өкіл ретіндегі міндеттері - Референдум күні дауыс беру барысының әділ және адал өтуін, заңнамалық бұзу фактілерге жол бермеуін, референдумның

оту барысын ашықтығын қамтамасыз етуге атсалысу. Конституциялық реформа қоғамды өзгерту және жетілдіру жолындағы әділетті қадам деп білді.

Сол үшін учаске ашылғаннан ұйымдастыру шараларын бақылап отырды. Дауыс беру процесі ашық жүрді. Дауыс беруге келген әрбір адамның болашаққа неміқұрайлы қарамайтынын сезінді. Партиялардың, қоғамдық бірлестіктердің, референдум жөніндегі комиссиялардың барлық өкілдеріне табысты жұмыс тіледі.

Ал 10 маусым күні «Түнгі қаладағы балалар» акциясы барысында кәмелетке толмаған жасөспірімдер түнгі уақытта анықталған жоқ. Акцияға полиция инспекторлары ғана емес, балалардың түнде жүрмеуіне, тәртібіне, мұғалімдерде, ата-аналарда мүдделі болуы тиіс. Күндізгі және түнгі кезекшілік уақытында ешқандай құқықбұзушылық орын алған жоқ.

15-маусым жалпы ата-аналар жиналысы өтті. 2021—2022 оқу жылын қорытындылай келе, жазғы мектеп, қауіпсіз жаз және т.б негізгі мәселелер қаралды. Жазғы уақыттағы қауіпсіздік мәселеріне басты назар аудару ата—аналарға жанжақты ұйымдастыру, қадағалау тапсырылды. Балалардың қауіпсіздігі туралы жадынама таратылды.

Жазғы мектепті ұйымдастыру мақсаты білім алушылардың білімдегі олқылықтарын қалпына келтіру және білімін толтыру. Жазғы мектептегі сабақтар білім алушыларға күрделі пәндерді (күрделі тақырыптарды) игеруге көмектеседі. Сонымен қатар оқушыларды сергіту мақсатында ағылшын тілі сабағында ойындар жарыс сабақтары ұйымдастырылады. Ағылшын пәнінің мұғалімі Ташенова М.С



17 маусым күні, мектеп бітіруші түлектерге салтанатты түрде аттестат табыстау рәсімі өтті. Үлкен өмірге қадам басқан түлектер үшін салтанатты түрде соңғы қоңырау соғылып, ұстаздары ақжарма тілектерін жаудырды. Осы орайда дарынды балалар даярлауда ұстаздардың еңбегі орасан зор екенін тілге тиек етті. Мектеп директоры Б.Алтынбеков те түлектерге сәт-сапар тілеп, құттықтауын жеткізді.

– Құрметті түлектер, бүгін сіздер үшін де, ата-аналар мен ұстаздар үшін де толқынысты сәт. Қимас мекен, алтын ұяға айналған мектептегі алаңсыз

күндер аяқталып, азаматтық жауапкершілігі мол кезеңге аяқ бастыңыздар. Мектеп қабырғасында алған білімдеріңіз бұл жолда сенімді серік болады деп сенемін. Мектеп – ол болашақтың балауса сәттерінің куәсі болған, балдәурен бала шақтан арман толы болашаққа жетелер білімнің алтын шамшырағы. Мектебіміздің өркендеуіне өз үлесін қосқан түлектерімізді мақтан тұтамыз. Барлығымыз үшін биылғы оқу жылының соңғы тоқсаны ерекше жағдайда өтті. Сол үшін сіздерге алғыс айтамын! Ал, түлектерге ак жол тілеймін, біз артқан үмітті ақтайды деп сенемін, – деді ол.

Айта кетсек, аттестатты салтанатты тапсыру шарасы мектеп қабырғасында шектеулі конигентпен өткізілді. Яғни, шараға түлектер мен олардың ата-анасы ғана санитарлық-гигиеналық шектеулерді қамтамасыз ете отырып қатыстырылды.



Жазғы сауықтырудың 2 маусымы басталды. Жазғы сауықтыру өтілінің мақсаты оқушылардың жазғы демалысын тиімді пайдалану арқылы бір - бірімен достасып, жақынырақ танып білуге баулу. Оқушылар сауықтыру алаңының ұранын айтып, ережелермен танысты. Іс-шараның басты мақсаты – мектеп оқушыларының отансүйгіштік-патриоттық сезімін арттыру, экологиялық білім мен тәрбиеге баулу, жазғы демалыс уақытын тиімді ұйымдастыру, салауатты өмір-салтын қалыптастыру. Бірінші кезеңде «Рухани адамгершілік және еңбек, экологиялық тәрбие» бағытын негізге ала отырып «Қош келдің, жарқын жаз» танысу тренингі өтті. Сондай-ақ, «Біз бақытты баламыз» тақырыбында балаларды бақыт, қуаныш, сүйіспеншілік құндылықтарына баулу, адами қасиеттерін дамыту, тәрбиелеу мақсатында сабақ өтті.

Сабақ барысында балалар бақытты адамның, қуанышты күндердің қалай болатынын сурет салу арқылы бейнеледі, паперкрафт құрастырып, түрлі түсті қағаздан құстардың бейнесін жасады. Табиғатқа арналған сөзжұмбақ, ребустар мен экологиялық есептер шешті.

Орталықтың белсенді білім алушыларына танымдық саяхаттар ұйымдастырылды. Бұған қоса мектеп кітапханасының ұйымдастыруымен

Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламасының «Жаңа гуманитарлық білім, қазақ тіліндегі 100 жаңа оқулық» жобасы аясында «Кітап – ғасыр мұрасы» тақырыбында шоу-викторина өткізілді.



Жаны жайсаң, қолы ашық, жомарт жандардың барлығын өскелең ұрпақтың сапалы білім алуына жағдай жасап, олардың болашағына үкілі үміт сыйлау мақсатында "Мектепке жол - Шекарасыз жақсылық" Республикалық акциясына 1 тамыз бен 30 қыркүйек аралығында белсенді қатысуға шақырды.

Тамыздың 1-жұлдызынан басталатын дәстүрлі "Мектепке жол" акциясы биыл "Мектепке жол - Шекарасыз жақсылық" ұранымен жаңа оқу жылы қарсаңында ұйымдастырылғалы отыр.

Акцияның мақсаты - оқумен қамтылмаған балаларды анықтау, аз қамтылған және көп балалы отбасы, жетім және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға жаңа оқу жылына дайындық кезеңіне қолдау көрсету.

Қайырымдылық акциясы барысында мұқтаж балаларға қажет мектеп формасы, спорттық киімдер мен мектепке қажетті оқу құралдары табыс етіледі.

Балалар жылы аясында Оқу-ағарту министрлігі «Жалпыға міндетті білім беру» қоры аясында оқушыларға көрсетілетін материалдық көмек ережелеріне өзгерістер енгізді.

«Жалпыға міндетті білім беру» қорының аясында атаулы әлеуметтік көмек (АӘК) алатын отбасылардың балаларына, сондай-ақ АӘК алмайтын, бірақ жан басына шаққандағы орташа табысы күнкөріс деңгейінен төмен отбасылардың балаларына, жаңа оқу жылы қарсаңында жетім және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар, төтенше жағдайға тап болған және т.б. оқушылар көмек ала алады делінген. Осы өзгерістерге байланысты 19 тамыз күні «№14 жалпы білім беретін мектебі » КММ мектеп әкімшілігі және «Қамқоршылық кеңесі» төрағасы: Б.Аширбеков пен мектебіміздің

әлеуметтік педагогы А.Ермагамбеттің қатысуымен ата-аналарға түсіндірме жұмыстары жүргізілді.

Сондай-ақ, 5-сынып Дәлкен Арайлымның зерттеп жүрген ғылыми еңбегі Республикалық Әдістемелік-педагогикалық журналға жарияланды. Арайлымға Сертификат берілді және жетекшісі Ибадильдина Назира Алғыс хатпен марапатталды!

Кәмелетке толмағандардың девиантты мінез-құлқының алдын алу» бағытындағы жұмыстар білім алушылардың құқықтық мәдениет және мінез-құлық нормаларына саналы қатынасын тәрбиелеу, девиантты мінез-құлықты әрбір оқушының тұлғалық әлеуетін өзіндік іске асыруда; жағымсыз мінез-құлық реакциясын туындататын келеңсіз факторларды жоюда, тұлғаның осы факторлар әсеріне тұрақтылығын дамыту бойынша "Құқық және тәртіп бұзушылықтың алдын алу" кеңесінің жұмыс жоспары бекітіліп, әлеуметтік жағдайы төмен оқушыларды үнемі назарда болуын қадағалап, қажет жағдайда көмек көрсетіліп, оқушылардың бос уақытын ұйымдастырып, секция, үйірме жұмыстарына қатысулары қадағаланып отырылды. 10 желтоқсан «Адам құқығын қорғау күні» мерекелік іс-шарасы өткізілді.

Отбасы тәрбиесі ұлттық отбасы дәстүрлерін, толық отбасын құру үшін денсаулықтың бірегейлігі түсінігін қалыптастыруына, балаларына тәрбие ықпалдылығын қамтамасыз ету үшін ата-аналармен ынтымақтастық қатынас құруға, ата-аналардың өз міндетін табысты атқаруына ықпал ететін функционалдық сауаттылығын қалыптастыруда "Ата-ана – бала өмірінің айнасы" ашық тәрбие сағаттары, "Қазақстандық отбасы" күніне арналған іс-шаралар, "Отбасы – Отанымыздың ошағы" тақырыбында __мектепшілік (жалпы) ата-аналар жиналысы, "Әлемге мен керекпін, ал маған отбасы керек" атты ата-аналарға арналған концерттік бағдарлама қойылды.

мектеп директоры



Б.Алтынбеков